

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама №-----

Қосбөлтек ауылы
Қатысқаны: 3

18.09.2026ж

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша жүргізілген іс шара барысында «Баланы бақшаға қалай дайындау керек » тақырыбында педагог-психолог М.Қалидың ұйымдастырумен дөңгелек үстел өткізілді.

М.Қали сөз алып кіріспеден бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылады. Бүгінгі дөңгелек үстелдің басты мақсаты ата-аналарға баланың бақшаға бейімделу ерекшеліктерін түсіндіру болып отыр.

Ата-аналарды бүгінгі күннің тақырыбымен таныстыра отырып, «Бір сөзбен жаттығуы», «Қысқаша ақпарат» бойынша ата-аналармен сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу жүргізілді.

Ата-аналарға арналған практикалық жаднама бойынша аталып, баланы үйде ұйқыдан ояту, тамақтану және серуендеу уақытын, серуендеу уақытын балабақша тәртібімен біртіндеп жақындатып отырыңыз және бақшаға баратын киімдерін кешке дайындап, таңертең асықпай әкелуді, бала бақшаға келген уақытта қоштасу 1-2 минуттан аспау керек және қайта оралмау қажет. Осылайша баланы қорқытпай үркітпей балаңызды бақшаға бейімдей ала аласыздар деп атап өтті. Ата-аналармен бірігіп ойындар жүргізілді.

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша ата-аналарға өз ойларын айту ұсынылды. Келесі сөз кезегін ата-ана М.Шарафадтин өз ойын ортаға сала отырып, бүгін анасының орнына келгенін айта отырып, бала тәрбиені алғаш отбасында алса жалғасы балабақшамен ұштасып бала тәрбиелене отырып білім алады, ортада баланың қабілеті ашылады, сонда да біз өз отбасымызда балабақшаның күн тәртібімен жүрмейміз, сол себепті де баланың бақшаға бейімделуі қиын болады, сондықтан да баланы күнделікті күн тәртібімен ұштастырып отыруымыз қажет, сонда бала тәрбиесі дұрыс жағына қарай бейімделетінін атап өтті.

Хатшы:  Мақсымханова Ф.

